

Мақаншы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Абай облысы Мақаншы ауданы мәслихатының 2026 жылғы 15 сәуірдегі № 36-246/VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Мақаншы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мақаншы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақаншы ауданы мәслихатының төрағасы

Биболов Б.Ө

Мақаншы аудандық
мәслихатының
2026 жылғы 15 сәуір
№ 36-246/VIII шешіміне
қосымша

Мақаншы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,86 1,96
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,61
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,77
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,52
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,02

6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,004
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,32
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,42
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,48
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,04
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,05
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,62
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	-
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,30
17	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,18
18	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,38
20	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,48
21	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	3,02
22	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-
23	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	3,50
24	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	-

25	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
26	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	2,15
27	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,42
28	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,005

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК